

Насиев Б.Н., Изтелеуова А.Қ.

ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҚТА АРАЛАС АГРОФИТОЦЕНОЗДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН МАЛ АЗЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мал етін өндірудің тиімді жолдарының бірі өндірістік типтегі фермалар мен мал бордақылау комплекстерінде жемдік дәнді үнемді жұмсауды қамтамасыз ететін тиімді технологияларды құрастыру болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы жағдайында өндірістік типтегі фермалар мен мал бордақылау комплекстерін қажетті азықпен өздігінен қамтамасыз ету үшін мал азықтық дақылдардың аралас егістіктерінің өнімділігі жөнінде мәліметтер алынды.

Кілт сөздер: мал бордақылау кешендері, аралас агрофитоценоз, өнімділік, мал азықтық дақылдар, протеин, алмаспалы энергия.

Nasiyev B.N., Izteleuova A.K.

THE PRODUCTIVITY AND FEEDVALUE OF MIXED SOWING ARE IN ZONE OF DRY STEPPES

Annotation

Therefore one of the important conditions of further increase in beef production is the development of effective technologies of providing feeding complexes and farms of industrial type with own food supply, at economical expenditure of fodder grain. As a result of carried out researches, the data allowing to estimate efficiency of mixed crops of fodder crops at different terms of harvest for their use in technologies on own forages production in feeding complexes and industrial type farms in conditions of West Kazakhstan region were obtained.

Keywords: feeding complexes, mixed agrophytocenosis, efficiency, forage crops, protein, exchange energy.

ӘОЖ: 332.334

Нұрымбай А.С., Мурсалимова Э.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Аңдатпа

Мақалада жер ресурстарын пайдалануды болжаудың маңыздылығы туралы жазылған. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы жерлерінің пайдалану деңгейіне талдау жасалынған. Экстрополяция әдісін пайдалану арқылы Еңбекшіқазақ ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер көлемі болжанылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жерді пайдалануды болжау, экстрополяция әдісі, жер саясаты, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер.

Кіріспе

Қазіргі экономикалық жағдайда ғылыми негізделген болжау жер қатынастарын реттеуді жетілдіру, жер ресурстарын басқару, сондай-ақ жер ресурстарын пайдаланудың


шаруашылық механизімін қалыптастыруда маңызды орын алады. Жер ресурстарын болжау жер ресурстарын пайдаланудың жақын арадағы және болашақтағы перспективаларын анықтап қана қоймай, болжау нәтижелерінен алынған мәліметтерге сүйене отырып тиімді және маңызды жоспарлар жасауға ықпал жасайды. Әр түрлі аумақтардағы жерді тиімді пайдалануды болжау жұмыстары мемлекет үшін тәжірибелік маңызы зор.

Жерді пайдалануды болжаудың мақсаты халық шаруашылық салалары арасында жерді дұрыс үйлестіру және жердің мөлшеріне, сапасы мен орналасуларына сәйкес барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру; жер сапасының жақсаруына себеп болу; әртүрлі жұмыс жүргізуде өндіріс құралдарын тиімді пайдалануға, оның ішінде капиталды шығынды талап ететін жерді рекультивациялау, трансформациялау және жақсарту жұмыстарына болжамдар мен ұсыныстар беру. Жүргізілген болжау жұмыстарының нәтижесі жер ресурстарын тиімді пайдалану мен жалпы елдегі ауыл шаруашылығының болашақтағы дамуына жауапты органдар үшін маңызды [1].

Қазақстан экономикасының аграрлық секторында жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау жұмыстарының негізгі мақсатына – болашақта ауыл шаруашылығының жер ресурстарына деген қажеттілігін болжау, сұранысты қандай деңгейде қанағаттандыруға болатынын анықтау, өнімді жерлерге сұраныс пен ел аумағындағы өнімді жерлердің арасындағы айырмашылықты табу жатады.

Жер ресурстарын пайдалануды болжау жұмыстарын жүргізу үшін алдымен жерді бағалау, мониторинг және жерді түгендеу жұмыстарын жүргізу керек. Бұл жұмыстар жер пайдалану және иеленуде мемлекеттік бақылау органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы тұрақты және ұзақ қарым-қатынас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болжамдар елдегі ұзақ мерзімдегі жер-экономикалық саясатта да маңызды орын алады. Көптеген елдерде жерді ресурстарын басқару мен тиімді пайдалануда болжау жұмыстары негізге алынған ұлттық және аймақтық бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлар табысты жүзеге асырылып жатыр [2].

Қарастырып отырған Еңбекшіқазақ ауданы Алматы облысының оңтүстігінде орналасқан. Жер аумағы – 8,3 мың км² (облыс бойынша 11-орында). 2015 жылғы 1-қараша бойынша Еңбекшіқазақ ауданының жер қоры 830,703 га (1-сурет).




1-сурет. Жер санаттары бойынша Еңбекшіқазақ ауданы жерлерінің бөлінуі

Ауданның жер қоры бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бірінші орынды алады – 382,895 га; оның ішінде:

- егістік – 84790;
- көп жылдық екпе ағаштары – 5419 га, жүзімдіктер – 3716 га;
- тыңайған жерлер – 917 га;
- шабындық – 15152 га;
- жайылым – 266685 га;
- басқа да жерлер – 6216га.

Соңғы бес жылда ауданда барынша көп өзгерістер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекен жерлерінде болған. 2010-жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда жалпы аудан бойынша жер қоры 1043 га өскен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 31189 га өссе, елді мекен жерлері 26174 га қысқарған. 2-суретте Еңбекшіқазақ ауданы жерлерінің 2010 жылмен 2015 жыл аралығындағы жер санаттары бойынша айырмашылықтары көрсетілген.



2-сурет. Еңбекшіқазақ ауданы жерлерінің 2010-2015 жыл аралығындағы жер санаттары бойынша айырмашылықтары

2013 жылы Еңбекшіқазақ ауданында жүргізілген ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу жұмыстарының нәтижесінде 169 шаруа және ферма қожалықтары, 21 мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы ұйымдары, оның ішінде 20 шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар және 1 ауылшаруашылық кооперативі тіркелген [3].

Еңбекшіқазақ ауданының ауыл шаруашылығы – ауыл шаруашылығы өндірісін, азық-түлік және өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту үшін стратегиялық мүмкіндіктерге ие. Аудандағы ауыл шаруашылығы өндірісі халықты жұмыртқа, құс, сиыр, қой еті, картоп және басқа да көкөністермен қамтамасыз ете алады.

Еңбекшіқазақ ауданы тиімді экономикалық-географиялық және транспорттық жағдайға ие. Экономикалық орталық – Алматы, облыс орталығы – Талдықорған және басқа да облысқа маңызды қалалар мен елді мекендер және азық-түлік базарларына жақын

орналасқан. Ауыл шаруашылығы өндірісін оңтайлы орналастыру және мамандандыру аудандағы ауыл шаруашылығын дамытуда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар ауданда ауыл шаруашылығының дамуы ауыл шаруашылығы өндірісінде істейтін жұмысшылар мен замануи техника және технологиялық құрылғылардың болуына да байланысты.

Жер ресурстарын пайдалануды болжау бірінші кезекте аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарына негізделуі керек, ол аудандық деңгейде жердің пайдалануын анықтауға мүмкіндік береді. Одан кейін ауыл шаруашылығы алқаптарының табиғи-климаттық, технологиялық және агроэкологиялық көрсеткіштерін бағалау негізінде ауыл шаруашылығы жерлерінің шаруашылық пайдаланылуына болжау жасалынады.

Экстраполяция әдісі жер ресурстарын пайдалануды экономикалық болжауда кеңінен қолданылады, болжауда айтарлықтай жоғары нәтижелер береді. Экстраполяция әдісінің мақсаты егер объект өткен шақтарда дамыған қарқынын жалғастырса болашақта қандай болатынын анықтау. Экстраполяция әдісі үшін ағымдағы ақпараттар – мезгілдік қатарлар болып табылады. Мезгілдік қатарлар кесте түрінде болады және әр қатарда әр жылдың көрсеткіштері немесе басқа да мәліметтері болады. Әдісті қолдану үшін кем дегенде төрт уақыт аралығының көрсеткіштері және сенімді статистикалық ақпараттар керек [4]. Еңбекшіқазақ ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлеріне экстраполяция әдісі және корреляция-регрессиялық талдау көмегімен жасалған болжауы 1- кестеде көрсетілген.

Кесте - 1. Еңбекшіқазақ ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлері көлемінің 3 жылға болжамы

Жыл	Реттік номері	Ауданы га				Орташа кателік
	X	Y	xy	X ²	Yp	
2010	1	351 706	351706	1	356668	-1,4
2011	2	356 955	713910	4	359057	-0,5
2012	3	356 958	1070874	9	361445	-1,7
2013	4	353 536	1485928	16	363834	0,46
2014	5	373 791	1892565	25	366223	0,53
2015	6	382 895	2297370	36	368611	-0,08
Барлығы	21	2175841	7716959	91		-0,03
2017	7	371 001				
2018	8	373 388				
2019	9	375 778				

Қазіргі кезде болжау басқарудың маңызды функцияларының бірі болып табылады. Болжау – ғылыми талдаудың бір түрі ретінде қызмет көрсетудің әртүрлі салаларын қамтиды. Жағдайды немесе құбылысты алдын-ала болжау болашақтағы өзгерістерге дайын болуға, қазіргі уақытта қабылданған шешімдердің ықтималды салдарын есептеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Кухтин П.В. Управление земельными ресурсами: учебное пособие / Кухтин П.В., Левов А.А., Морозов В.Ю. и др. — 2-е изд. — СПб.: Питер, 2006. — 301с.

2. Спектор М.Д. Прогнозирование и планирование использования земельных ресурсов. - Акмола: АСХИ, 1995. — 112с.

3. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының 2010-2015 жылдарындағы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есептері – Талдықорған (2010-2015).

4. Прогнозирование и планирование использования земельных ресурсов административного района. Метод. указания по курсовому проекту /Сост.: Иванов Ф.Е.; НовГУ им. Ярослава Мудрого. - Великий Новгород, 2003. — 12-15 с.

Нурымбай А.С., Мурсалимова Э.А.

АНАЛИЗ И ПРОГНОЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ В ЕНБЕКШИКАЗАХСКОМ РАЙОНЕ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье написано о важности прогнозирования использования земельных ресурсов. Выполнен анализ использования земель Енбекшиказахского района Алматинской области. С помощью экстраполяционного метода сделан прогноз использования земель сельскохозяйственного назначения Енбекшиказахского района.

Ключевые слова: земельные ресурсы, прогнозирование использования земель, экстраполяционный метод, земельная политика, земли сельскохозяйственного назначения.

Nurymbay A., Mursalimova E.

ANALYSIS AND FORECAST OF AGRICULTURAL LAND USE IN THE ENBEKSHIKAZAKH DISTRICT OF ALMATY REGION

Annotation

The article is written about the importance of forecasting of land resources use. Carried out an analysis of the level of land use Enbekshikazakh district of Almaty region. Using the extrapolation method predicted the use of agricultural land of Enbekshikazakh district.

Keywords: land resources, land-use forecasting, extrapolation method, land policy, agricultural land.

УДК: 634.17

Омерзаков Б., Кентбаева Б.А.

Казахский национальный аграрный университет

РОСТ И РАЗВИТИЕ СЕЯНЦЕВ СОСНЫ ОБЫКНОВЕННОЙ В ЛЕСНОМ ПИТОМНИКЕ КАРАМУРЗИНСКОГО ЛЕСНИЧЕСТВА ГЛПР "СЕМЕЙ ОРМАНЫ"

Аннотация

В статье приведены материалы по изучению роста и развития сеянцев сосны при разной норме посева и уходных мероприятий. Выявлено, что оптимальная густота посева не более 150 семян на п/м или в пределах 40 кг/га семян сосны при 6-строчной схеме посева и при 40 тыс. п/м строк на 1 га.